

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №3
«Мектепке дейінгі ұйымның I жартыжылдықтағы жұмыс қорытындылары»

Өткізілген күні: 2026 жылғы 28 қаңтар

Өткізу форматы: офлайн

Ұзақтығы: 90 минут

Қатысушылар: балабақша әкімшілігі, педагогтер, медбике.

Қатысқандар:

1. Керимбекова Г.Б. – меңгеруші
2. Каюмова К.Р. – әдіскер
3. Кашина Т.В. – тәрбиеші
4. Колесниченко М.В. – тәрбиеші
5. Курманалина А.Ж. – тәрбиеші
6. Ахметова Л.И. – тәрбиеші
7. Русакова А.А. – музыка жетекшісі
8. Қабыл М.Р. – қазақ тілі мұғалімі
9. Цыганаш Г.С.- психолог
10. Нурболина А.М.- медбике

Мақсаты: Педагогтерді I жартыжылдықтағы жұмыс қорытындыларымен таныстыру, диагностика нәтижелері бойынша алдағы жұмыс бағыттарын айқындау.

Педагогикалық кеңеске дайындық шаралары:

1. I жартыжылдықта бағдарламаның орындалуы туралы есептер
2. Балалардың I жартыжылдықтағы диагностика нәтижелерін талдау (диаграммалар)
3. Балалардың сырқаттану көрсеткіштерін талдау

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер Каюмова К.Р.

Жылдық жоспарға сәйкес барлық жас топтарында Типтік бағдарламаның мазмұның меңгеру деңгейіне аралық мониторинг жүргізілді. Мониторинг критерийлері балалардың жас ерекшеліктеріне сай физикалық дамуының, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларының, зерттеушілік қабілеттерінің, әлеуметтік-эмоциялық біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейін көрсетеді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

«Тұлпар» кіші тобының тәрбиешілері Курманалина А.Ж., Кашина Т.В. Топ жаңадан құрылғандықтан бастапқы мониторинг жүргізілмеді, тек аралық мониторинг өткізілді. Топта 24 бала болды, оның ішінде бір бала шығып кетті. Бағдарламаны меңгеру нәтижесі – 66%. Тәрбиеленушілердің білігі мен дағдыларын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру, балаларға жеке даму картасын құрастыру қажет.

Ересек топ тәрбиешісі Ахметова Л.И.

Мониторинг көрсеткіштері бойынша жоғары және орта деңгей 72%-ды құрады. I жартыжылдықта балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сөйлеу тілін дамыту бағытында жұмыс жүргізілді. Топта басқа ұлт өкілдері

бар болғандықтан, жұмыс барысында белгілі бір қиындықтар кездеседі. Мониторинг нәтижелері бойынша II жартыжылдыққа балаларға жеке даму картасы жасалатын болады.

Мектепалды тобының тәрбиешілері Колесниченко М.В., Кашина Т.В. Жүйелі сабақтар, әңгімелесулер және жеке жұмыстардың нәтижесінде төмен деңгей көрсеткіші азайды. Жалпы мониторинг нәтижелері бойынша жоғары және орта деңгей – 74%. Балалармен әрі қарай жеке жұмыс жүргізу жоспарлануда.

Музыка жетекшісі Русакова А.А. Барлық жас топтарында I жартыжылдықтағы диагностика нәтижелерімен таныстырды. Балалардың дайындық деңгейі мен меңгерген білім, біліктері жас ерекшеліктеріне сай. Тәрбиешілермен бірлесіп барлық топтар бойынша жеке даму карталары жасалады.

Дене шынықтыру нұсқаушысы Каюмова К.Р.

Мониторинг екі топта жүргізілді: «Құлыншақ» ересек тобы – 29 бала (бір бала ұзақ уақыт сырқаттануына байланысты қатыспады), «Ақбота» мектепалды тобы – 27 бала. Барлық балалармен «Дене тәрбиесі» бөлімі бойынша мониторинг өткізілді. Алдағы уақытта білік пен дағдыларды жетілдіруге арналған жұмыс жоспары құрастырылады.

Қазақ тілі мұғалімі Қабыл М.Р.

Қазақ тілі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет «Құлыншақ» ересек тобында және «Ақбота» мектепалды тобында жүргізіледі. Мониторинг топ тәрбиешілерімен бірлесіп өткізілді, балалармен жұмыс жасауға арналған міндеттер айқындалды.

Әдіскер:

Балалар бағдарламалық материалды жеткілікті деңгейде меңгергенін атап өтті. Төмен нәтижелердің бірқатар себептері бар (жаңа қабылданған балалар, жиі ауыратын балалар). Орта және төмен нәтиже көрсеткен балалармен барлық педагогтерге жеке жұмыс жүргізу ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша:

Медбике Нурболина А.М. тыңдалды. Ол балабақшада жүргізіліп жатқан сауықтыру шаралары туралы ақпарат берді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

II жартыжылдықта балалармен келесі жұмыстар жоспарланады:

- сөйлеу тілін дамытуға бағытталған жеке тапсырмалар;
- дидактикалық ойындар;
- көркем әдебиет оқу;
- ата-аналармен әңгімелер мен кеңестер өткізу;
- сөздік қорды байыту бойынша жұмыстар (тәрбиешілер, қазақ тілі мұғалімі);
- балалардың дене қасиеттерін жетілдіру және денсаулығын нығайтуға бағытталған жеке жұмыстар.

Жалпы алғанда тәрбиеленушілердің дамуында оң динамика байқалады. Алынған талдау деректері білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелерінің қанағаттанарлық екенін көрсетеді.

ШЕШІМ:

1. I жартыжылдықтағы диагностика нәтижелері бойынша бағдарламалық материал жеткілікті деңгейде меңгерілген. Балалармен жеке жұмыс жоспары құрастырылсын.

Мерзімі: 02.02.2026 ж.

Жауапты: әдіскер

2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, аурушандық пен жарақаттың алдын алуға бағытталған жағдайлар жасалып, жетілдірілсін.

Мерзімі: тұрақты

Жауапты: тәрбиешілер

Бақылау: Нурболина А.М.

Меңгеруші:



Г.Б.Керимбекова

Хатшы:



А.Ж.Курманалина

№3 Педагогикалық кеңеске қосымша

1. меңгеруші – Керимбекова Г.Б.
2. әдіскер – Каюмова К.Р.
3. тәрбиеші - Кашина Т.В.
4. тәрбиеші – Колесниченко М.В.
5. Тәрбиеші – Ахметова Л.И.
6. тәрбиеші -Курманалина А.Ж.
7. музыка жетекші -Русакова А.А.
8. қазақ тілі мұғалімі- Қабыл М.Р.
9. психолог-Цыганаш Г.С.
10. медбике -Нурболина А.М.